



«XVII ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»
халықаралық ғылыми-әдістемелік
конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of International Scientific and
Methodical Conference
«XVII ORAZBAYEV READINGS»



Алматы, 2025

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі
«Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі



«XVII ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»

халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
25–26 сәуір, 2025 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XVII ORAZBAYEV READINGS»
25–26 April, 2025



Алматы
«Қазақ университеті»
2025

УДК 001
ББК 72
О-72

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Тұймебаев – филология ғылымдарының докторы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы-ректор

Редакциялық алқа

Д.С. Байгунаков – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы; **С.Б. Саров** – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры м.а.;
К.Н. Байтурбаев – «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры;
Р.С. Жуматаев – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының менгерушісі; **Ғ.Қ. Омаров** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Археология және антропология» ФЗИ директоры; **А.Қ. Бейсегулов** – Археология, этнология және музеология кафедрасы менгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; **Н.Ж. Торежанова** – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің археология бөлімінің жетекшісі; **Б.Б. Бесетаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Археология, этнология және музеология кафедрасының менгерушісі

Құрастыруышы
Б.Б. Бесетаев

О-72 XVII Оразбаев оқулары: халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы қ., 25-26 сәуір 2025 ж.) / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2025. 389 б.

ISBN 978-601-04-7131-3

XVII Оразбаев оқулары: халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өнірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың қошшыларға арналған.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-04-7131-3

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

Ә.Б. Шалманова

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі,

Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: aliya_sh83@mail.ru

Қазіргі замандағы Монголия қазақтарының материалдық мәдениеті (түздік материалдар негізінде)

Ұсынылып отырған мақалада негізгі дерек ретінде Монголия аумағында 2007, 2008, 2013 жж. III. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінің Монголия кешенді экспедициясының (МонгКЭ) (жетекшісі т.ғ.д., профессор С. Е. Әжіғали) құрамында жүргізілген зерттеу жұмыстарының материалдары 2023 ж. жиналған түздік зерттеулер және реесми статистикалық мәліметтер қолданылды. Монголиядағы қазақ этникалық тобын зерттеу барысында белгілі бір өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-хронологиялық, тарихи салыстырмалы, бақылау әдістері, сұхбат, сауалнама қолданылды. 2023 ж. тамыз айында мақала авторы Монголияның Баян-Өлгий және Ховд аймақтарында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу мақсаты 2007, 2008, 2013 жж. МонгКЭ барысында алынған материалдармен салыстыру және өзгерістерді анықтау болды. Зерттеу нәтижелері Монголияның Баян-Өлгий аймағында қоныстанған қазақ диаспорасы негізгі этникалық массивтен оқшау орналасса да, жаһандану заманында дәстүрлі мәдениетті сақтап келетіндігін көрсетті. Оның себебі қазақтардың бір аймақта шоғырланып қоныстануы, көршілес монгол тілдес және түрік текстес ұлт өкілдерінің мәдениетіндегі ұқсастықтар, жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізуі болып табылады.

Түйін сөздер: Монголия қазақтары, диасpora, дәстүрлі мәдениет, материалдық емес мұра, Баян-Өлгий.

Ұсынылып отырған мақалада негізгі дерек ретінде Монголия аумағында 2007, 2008, 2013 жж. III.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінің Монголия кешенді экспедициясының (жетекшісі т.ғ.д., профессор С.Е. Әжіғали) құрамында жүргізілген зерттеу жұмыстарының материалдары, 2023 ж. жиналған түздік зерттеулер және реесми статистикалық мәліметтер қолданылды.

Монголиядағы қазақ этникалық тобын зерттеу барысында белгілі бір өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-хронологиялық, тарихи салыстырмалы, бақылау әдістері, сұхбат, сауалнама қолданылды.

2023 ж. тамыз айында мақала авторы Монголияның Баян-Өлгий және Ховд аймақтарында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу мақсаты 2007, 2008, 2013 жж. Монголия кешенді экспедициясы барысында алынған материалдармен салыстыру және Монголия қазақтарының материалдық мәдениетіндегі өзгерістерді анықтау болды.

Монголия халқы санақ мәліметі бойынша 2010 ж. 2 631 117, ал 2020 ж. 3 174 565 адамды құрады. Соның ішінде қазақ этникалық тобы саны бойынша халхалардан (2023 ж. 83,8%) кейінгі екінші орында тұр. Қазақстанға этникалық қазақтардың көшүі себепті 2000 ж. бүкілхалықтық санақ бойынша бұл елдегі қазақтардың сандық көрсеткіші 103,0 мыңға дейін төмендесе (2000 Population, 2001: 50–51), 2010 ж. 101,5 мың (3,9%), ал 2020 ж. 120,9 мың (3,8%) адамды құрады. Қазіргі таңда Қазақстанға көші-қон үдерісі толастаған жоқ, тіпті квотасыз өз қаражатына көшкен қазақ отбасылары көп. Дегенмен де халықтың табиги өсімі нәтижесінде қазақ диаспорасының саны өсіп келеді. Ел бойынша қазақтардың 77,7 % елдің батыс бөлігіндегі Баян-Өлгий аймағында шоғырланып қоныстанған (2020 Population: 53). Баян-Өлгий аймағында шоғырланған немесе аймак тұрғындарының 91% – қазақтар, ал халха бұл аймақта тек 0,9% құрайды. Сонымен бірге осы елдегі барлық қазақтардың 8,1% Ховд аймағында орнықкан. Бұл аймақ тұрғындарының 11,2% тең. 2020 ж. санакқа сәйкес Уланбатор қаласында 8,7% қазақтар тұрады, Дархан-Уул аймағында – 2,2%, Сэлэнгэде – 0,8%, Төвте – 0,8%, Орхонда – 0,6%, Хэнтийде – 0,5%, Дорноговте – 0,1%, Дорновта – 0,1%, Умноговте – 0,1%, Увсте – 0,1%, Гобисумбэрде – 0,1%, Хувсгулде – 0,1% (2020 Population: 849).

Қазақ этникалық тобының 42 % қалада, ал 58 % ауылдық жерде мекендейді. Шаруашылық негізі жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып табылады. 2019 ж. статистикалық мәліметке сәйкес Баян-Өлгий аймағында 2 192 764 мал саналды, оның ішінде 5913 туýе, 99020 жылқы, 158582 ірі қара, 995904 қой, 933345 ешкі құрады (Баян-Өлгий, 2020: 4). 2016 ж. мал басы 2167,4 мың, 2017 – 2226,1 мың, 2018 – 2166,9 мың құрады (Баян-Өлгий аймгийн, 2020: 7). Ал Ховд аймағында 2016 ж. – 3280,6 мың, 2017 ж. – 3446,6 мың, 2018 ж. – 3146,4 мың, 2019 ж. – 3084,3 мың болды (Ховд аймгийн,

2019: 5). Берілген сандық көрсеткіштер бойынша мал санының өспегенін байқаймыз. Өйткені соңғы жылдары климаттың күрт өзгеруі, жұттың жиіленуінен мал көп қырылды және малшылардың әл-ауқатының төмендеуіне әсер етті. Сұхбатсуз барысында мал шаруашылығымен айналысуга жас буын арасында қызығушылық аз екені байқалды. Егер 2007, 2008 жж. қырда тұратын отбасылар арасында бастауыш класстың 2–3 жылдан кейін кеңже ұлын мектепке бермей, мұрагер ретінде мал шаруашылығына баулуды көздеген отбасылар болған болса, 2023 ж. сұхбат мәліметіне сәйкес, малшылар балаларына жоғары білім, кем дегенде орта арнаулы білім беруге тырысады және белгілі бір мамандық иесі болғанын қалайды.

Тауар-ақша қатынастары дами түсті. Алғашқы түздік материалдар бойынша қырда жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізетін қазақ отбасы туыстарының малын тегін баққан болатын немесе өз қызметі үшін азық-түлік алғып шектелді. Бұл туыстық міндеттердің, өзара көмектің бір көрінісі ретінде санауды. Ал 2023 ж. респонденттерден жиналған мәліметтерге сәйкес, малшылар мал баққаны үшін әр мал басына ақша алады. Малшылар өзгениң малын тек жаз айларында бағады. Қыс айларында бұл мезгілде мал бағу ауыртпалығы көптігін алға тартып, өз малын бағумен шектеледі. Бұл жағдайда сұмын, аймақ орталықтарында тұратын қазақтар қысқа жем-шөп дайындалады, малды қашада ұстайды. Осылайша жартылай отырықшылыққа, отырықшылыққа кешу тенденциясы белен алуада.

Ховд аймағын мекендейтін қазақтар арасында жартылай көшпелі мал шаруашылығымен бірге, өлкениң ауа-райының жұмысқа болуына байланысты мұнда диқаншылық дамыған. Ховд аймағында өсірілген жемістермен және көкөністермен Баян-Өлтій және іргелес басқа да аймақтармен қоса, Уланбатыр қаласының тұрғындары қамтамасыз етіледі.

Жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізуіне байланысты тұрмыста жылжымалы дәстүрлі баспа – киіз үй қазіргі күнге дейін қолданылып келеді. Сол себепті киіз үй жабдығы да жасалады. Киіз басу процесі МонгКЭ-2008 экспедициясы барысында толығымен түсірілген болатын. Қазіргі таңда киіз басуды көру сәттілік болар еді. Өйткені жұнді өндеп, киіз басатын цехтер пайда болды. Қолымен жасалатын жұмыс арнайы құрылғылар арқылы орындалады. Осылайша қазақ отбасылары еңбегін женілдетуге ұмтылуда. Мұндай цехтарға жаз айында көп тапсырыс туседі. Цехтарда киіз үй жабындысы, сырмакқа қажетті киіз жасалады.

Монголиядағы қазақ диаспорасы қазақтың дәстүрлі тұрмыстық мәдениетін қазіргі күнге дейін сақтап келеді. Қазақтың киіз үйінің жаз мезгілінде баспаға ретінде қолданылуы жаһандану заманында киіз басу, тоқыма өнерінің сақталуына, ши тоқу қажеттілігіне әкеледі. Туристік бизнестің дамуы да әйелдер қолөнерінің сақталуына әсер етуде. Қолөнер бұйымдары қунделікті тұрмыста қолданылып қана қоймай, дәстүрлі қолөнер туындылары ретінде туристерге сатылып немесе шетелге экспортталып табыс қозін құрайды.

Алайда 2023 ж. зерттеу мәліметтерін 2007, 2008, 2013 жж. материалдармен салыстырғанда киіз үйді безендіріп ғана қоймай, белгілі бір қызмет атқаратын қолөнер бұйымдарын жасайтын існерлер саны азайғанын байқатады. Жас буын екілдері киіз басу, қолөнер бұйымдарын жасау көп уақыт пен енбекті қажет ететін жұмыс деп есептейді. Соңдықтан өндірісте дайындалған өнімді алғанды қалайды.

2023 ж. жүргізілген зерттеулер бойынша 2008 ж. салыстырғанда існер әйелдердің саны азайса да, қолөнершілерге берілетін тапсырыс көлемі кеміген жок. Өйткені киіз үйге қажетті киіз, тоқыма жабдықтар мен бұйымдар қолданылып келетін жылжымалы баспананың ажырамас бөліктері.

Жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізетін отбасылардың қыстай, көктеу, күзеудегі тұрақты ыстық үйлерінің жоспары төртбұрышты немесе тіктертбұрышты, көбінесе бір белмелі болып келеді немесе пеш арқылы белме екі белікке бөлінеді. Кейбір жағдайда үй кіреберістен (ауызғы үй) және тұрғын белмеден тұрады. 2008 ж. экспедиция барысында зерттелген үйлердің іргетасы аласа, тастан қаланған, қабырғасы қарағай бөренелерінен немесе шикі блоктан салынған және екі жағдайда да сырты балшықпен майланған. Үш және одан да көп белмелі үйлер негізінен сұмын, аймақ орталықтарында орналасы. Жауын-шашын мөлшері аз болуына байланысты үй төбесі жазық болды. Мұндай үйлер төртбұрышты болса да киіз үйде секілді үй ішінің кеңістігін төрге, ерлер, әйелдер бөлігі деп белу сақталып келді.

Экономиканың дамуы, қазақтардың баспаға көзқарасының өзгеруі баспаға түрінің және жоспарының өзгеруіне әкелді. Урбанизация, жаһандану, модернизация үдерісінің ықпалымен белмелер саны көбейді, үй кенейді, құрылымс материалдары мен үй салу техникасы өзгерді, тұрақты үйдің сыртқы эстетикалық түрі жақсарды. 2000 жж. бастап Өлтій қаласының ауқатты қазақ тұрғындары екі қабатты үйлер сала бастады. Бірақ мұндай үйлер санаулы ғана болды. 2023 ж.

зерттеулер барысында Өлгий қаласында европалық үлгідегі екі қабатты үйлер санының артқаны және сұмын орталықтарында да салына бастағаны байқалды.

Монголия қазақтарының этникалық ерекшелігі ұлттық тағамда айқын көрінеді. Материалдық мәдениеттің бір элементі – тағам ең аз өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі тағамды барлық респонденттер таныс, дәмді, пайдалы деп санайды. Монголия қазақтарының рационында ет басым және дәстүрлі тағамдармен қатар басқа халықтардың тағамдары да бар.

Қоғамдық тамақтану орындарында негізінен монгол тағамдары ұсынылады. Мысалы, банштай шай (сүт пен түшпара қосылған шай), банштай шөл (түшпара қосылған борщ), бууз және т.б. Мерекелік ас мәзіріне салаттар, салқын тағамдар, жемістер, қымызбен қатар алкогольді және алкогольсіз сусындар кіреді. Қонақтарға ұсынылатын басты тағам ет болып табылады.

Күнделікті дастарқанда бауырсақ, сары май, құрт, сары, қызыл ірімшік және т.б. дәстүрлі тағамдармен қатар, кондитерлік өнімдер орын алады. 2007–2013 жж. зерттеулер барысында нан ете сирек пісірлетінін байқады. Ал 2023 ж. нан дүкен сөрелерінде ғана емес, күнделікті дастарқанда да орын алатынын көрдік.

Қорыта келгенде Монголияның Баян-Өлгий аймағында қоныстанған қазақ диаспорасы негізгі этникалық массивтен оқшау орналасса да, жаһандану заманында дәстүрлі мәдениетті сақтап келеді. Оның себептері қазақтардың бір аймақта шоғырланып қоныстануы, көршілес монгол тілдес және түрік текстес ұлт өкілдерінің мәдениетіндегі ұқсастықтар, жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізуі болып табылады. Сонымен қатар жаһандану заманында дәстүрлі түрмисстық мәдениеттің сақталуына байланысты туристердің қызығушылығын тудырып, АҚШ, Батыс Еуропаның, Жапония, Оңтүстік Корея т.б. елдерінен жыл сайын елге ағылшын келуіне ықпал етіуде. Шаруашылық негізіне қарай, халықтық білім, жылжымалы дәстүрлі баспана – киіз үй және оның жабдықтары, ас-тағам мәдениеті, дәстүрлі қолөнер мен материалдық емес мәдени мұра сақталып келеді. Бірақ жас буынның арасында дәстүрлі қолданбалы өнерге деген қызығушылығының аздығы үрей туғызады.

Әдебиеттер тізімі

Автордың түздік материалдары. 2023 ж. (Баян-Өлгий, Ховд аймактары)

Баян-Өлгий аймгийн 2019 оның эдійн засаг, нийгмийн хөгжлийн статистикийн эмхэттэл. Өлгий, 2020. 92 х.

Ховд аймгийн 2019 оның нийгэм эдійн засгийн танилшуулга. Ховд, 2019. 61 х.

2000 Population and Housing Census of Mongolia: The main results. Published by the National Statistical Office. Ulaanbaatar, 2001. 170 p.

2020 Population and housing census of Mongolia. National report. 2020. 298 p.

Aliya Shalmanova
The Material Culture of Kazakhs in Contemporary Mongolia
(based on Field Materials)

The proposed article uses as the main source materials from research conducted in 2007, 2008, 2013 as part of the Mongolian Integrated Expedition (MongKE) of the Department of Ethnology at the Ualikhanov Institute of History and Ethnology (head, Doctor of Historical Sciences, Professor S. E. Azhigali), field research data collected in 2023. year and statistical data. When studying the Kazakh ethnic group in Mongolia, historical-chronological and historical comparative methods were used, including observation, interviews, and questionnaires to identify certain changes. In August 2023, the author of the article conducted field work in Bayan-Ulginsky and Khovd aimags of Mongolia. The purpose of the study was to compare with the materials obtained during the MongKE in 2007, 2008, 2013 and to identify changes in the material culture of the Kazakhs of Mongolia. The results of the study showed that the Kazakh diaspora inhabiting the Bayan-Ulgii aimag of Mongolia has preserved its traditional culture in the era of globalization, although it is isolated from the main ethnic group. The reason for this is the compact settlement of Kazakhs in one region, similarities in the culture of neighboring Mongolian-speaking and representatives of Turkic nationalities, and the conduct of semi-nomadic cattle breeding.

Key words: Kazakhs of Mongolia, diaspora, traditional culture, intangible heritage, Bayan-Ulgii.

А.Б. Шалманова
Материальная культура казахов Монголии в современную эпоху
(на основе полевых материалов)

В предлагаемой статье в качестве основного источника были использованы материалы исследовательских работ, проведенных автором в 2007, 2008, 2013 гг. в составе Монгольской комплексной экспедиции (МонгКЭ) отдела этнологии Института истории и этнологии им.Ш. Ш. Уалиханова (руководитель д.и.н., профессор С.Е. Ажигали), данные полевых исследований, собранные в 2023 году и статистические данные. При изучении казахской этнической группы в Монголии применялись историко-хронологические, исторические сравнительные методы, включенное наблюдение, интервью, анкетирование, позволяющие выявить определенные изменения. В августе 2023 года автор статьи провела полевые работы в Баян-Ольгийском и Ховд аймаках Монголии. Целью исследования явилось сравнение с материалами, полученными в ходе МонгКЭ 2007, 2008, 2013 гг. и выявление изменений в материальной культуре казахов Монголии. Результаты исследования показали, что казахская диаспора, населяющая Баян-Ольгийский аймак Монголии, сохранила традиционную культуру в эпоху глобализации, хотя и изолирована от основного этнического массива. Причиной этого является компактное расселение казахов в одном регионе, сходства в культуре соседних монголо-говорящих и представителей тюркских национальностей, ведение полукочевого скотоводства.

Ключевые слова: казахи Монголии, диаспора, традиционная культура, нематериальное наследие, Баян-Ольгий.

МАЗМҰНЫ

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Бейсенов А.З. Э. Оразбаевтың Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарындағы зерттеулері және корғантас типтес жерлеулер.....	3
Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Константинов Н.А., Сагындыкова С.Т. Результаты археологических исследований Алтайской археологической экспедиции в 2024 г.....	9
Шнайдер С.В., Каспаров А.К., Черноносов А.А., Баранова С.В., Ершова О.В., Срывкина Ю., Бабина К.А. Применение метода ZooMS в археологических исследованиях (на примере анализа неолитических материалов со стоянки Джейтун).....	18
Ақымбек Е.Ш., Нұргали Н.Б. Ортағасырлық Әүлиебастау қонысы.....	23
Байгунаков Д.С., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. Результаты археологических исследований могильника Бостан в долине Когалы.....	31
Рудая Н.А., Алексейцева В.В., Колобова К.А. Природные условия обитания поздних неандертальцев на северо-западе Алтая.....	38
Абуладзе Д.И. Неолитическое поселение Южного Кавказа Арухло I: результаты мультидисциплинарных исследований зернотерок.....	44
Чистяков П.В., Кожевникова Д.В. Проблема функционального назначения костяных «игольников».....	52
Левина Е.В. Опыт сравнительного анализа следов износа на экспериментальных орудиях из разного минерального сырья.....	57
Selutina A. Upper Paleolithic of Central and East Asia on the examples of the Korean Peninsula and Kazakhstan.....	63
Шатохин Н.С. Вклад исследователей каменного века и геологов в геоархеологию Казахстана.....	66
Бексентов Ф.Т., Кунитакэ С., Оспанов Е.Б. Кейінгі палеолиттің соңғы кезеңіне жататын Қызылауыз-4 ескерткіші (Алматы облысы, Жамбыл ауданы).....	73
Сагындыкова С.Т., Бейсегулова А.К., Баянова Ж.К. Жетісу сактары археологиясы мен тарихының кейбір мәселелері.....	78
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Жармұхаметов Да.А., Маратқызы А., Айтенов Б.Қ. Қырықүнгір қорыныңдағы элитарлы жерлеу ескерткішіндегі петроглифтер.....	83
Марсадолов Л.С. Прототипы каменных антропоморфных «личин» из Семисарта на Алтае	91
Kotova N., Makhortykh S. Male amulets in the Koban culture.....	105
Айганова Г.Р., Хабдулина М.К. Изучение алакульских памятников Восточной Сарыарки..	118
Сұлтан А.С., Хабдулина М.К. Колодцы как источник водоснабжения степных культур Евразии.....	124
Bisembayev A.A., Ravil M.K. Cold weapons of the Early Iron Age population of Western Kazakhstan.....	130
Петрищева Д.П. Изобразительный мотив «сложного завитка» в памятниках раннескифского времени Восточного Приаралья.....	134
Кокоулин В.Г. Скифо-сакская проблема в Южной Сибири и Центральной Азии: трудности исторической интерпретации археологических данных.....	146
Дашковский П.К., Ожиганов А.Н. Новые результаты исследования вторичных погребений скифо-сакского времени на могильнике Ханхаринский дол (Алтай).....	150
Плахута Д.О., Автушкова А.Л. К вопросу о символике рыбы в искусстве древних кочевников евразийских степей середины I тыс. до н.э. (предварительное сообщение).....	156
Мякишева О.А., Торежанова Н.Ж. Археологические памятники долины реки Кеген и вопросы музеификации.....	161
Бородовский А.П. Особенности косторезного дела в кочевой среде Евразии эпохи раннего железа.....	169
Дашковский П.К. Женский головной убор из могильника пазырыкской культуры Ханхаринский дол (Алтай).....	175
Муратулы Е., Хабдулина М.К. История изучения поселений раннего железного века на территории Казахстана.....	180
Bisembayev A.A., Aslanbek A.A. Stone sculptures of the Early Iron Age of Western Kazakhstan...	187

Бородовский А.П., Чибышев П.В. Археологические исследования северного участка Иртышской оборонительной линии Российской Империи первой четверти XVIII столетия.....	190
Айтқұлова Э.Ә. Ортағасырлық хұмдарға қатысты кейбір мәселелер.....	201
Нұрділлә С.О. Шығыс асарлардың зерттелу тарихы.....	207
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Адельчанов Қ.С., Еділқызы А., Төлекбек Ж. Ерейментау ауданындағы 2024 жылғы археологиялық зерттеулер.....	211
Еркін Ж.Е., Еркінқызы А. Қазақ хандығының ескерткіштері: Қозыбасы және тарихи мұра.	218
Шарипов Р.Қ. Жетісудағы жартасқа салынған суреттер табиғаты.....	221
Ерсайнова А.Ж., Кенжебек С.Қ. Бозоқ қалашығының тарихы мен зерттелуі.....	224
Жумай Г. Талғар қалашығына жүргізілген зерттеулер (И.И. Копылов зерттеулері негізінде)..	229

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Калыш А.Б. Научное творчество Х.А. Кауановой в трудах отечественных исследователей	233
Қалшабаева Б.К., Тұрысбекова Л.М. Шығыс Қазақстанның этнодемографиялық және этномәдени үдерістерінің кейбір мәселелері.....	238
Медведев В.В., Попов М.В. Окказиональная обрядность в строительной практике чувашей	244
Жанатаев Д.К. Наборные пояса якутов (саха) и казахов XVIII-XX вв.: историографический обзор.....	249
Жайнақов Е.М. Қазақтың этногеографиялық танымы: суға қатысты ұғымдардың қалып-тасуына түр-түсті білдіретін ұғымдардың ықпалы.....	257
Алпысбаева А.Т., Ибадуллаева З.О. Халықтық медицинадағы тамыр ұстau және оның заманауи медицинамен байланысы.....	263
Жарылқасын А.О., Ибадуллаева З.О. Халық медицинасындағы сынықшылар: тәжірибесі мен медицинаның үйлесімі.....	267
Жумамурад Е.Р. Жүйрік тану: археоэтнографиялық деректер негізінде.....	271
Шалманова Ә.Б. Қазіргі замандағы Монголия қазақтарының материалдық мәдениеті (түздік материалдар негізінде).....	275
Балаева А.Б. Қазақ халқының ежелден келе жатқан кейбір салт-дәстүрлерінің ерекшелігі...	279
Баянова Ж.К., Егізбаева М.Қ. Қазақ және өзбек халықтарының үйленуге қатысты әдет-ғұрыптарындағы ұқастықтар.....	283
Kozhakhan Zh.N. The ethnographic characteristics of leather vessels in traditional Kazakh life..	290

МУЗЕЙ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Кистаубаева А.К. Вклад А.М. Жиренчина в развитие музеиного дела и сохранение культурного наследия Казахстана.....	295
Асылбекова Н.О. Дәріс емес, саяхат: музейде білім алу/беру (КР Мемлекеттік орталық музей тәжірибесі негізінде).....	305
Сапарова А.С. Война глазами художника Н.В. Цивчинского.....	312
Серік Д.А. Қамшы: құрылымы, түрлері және этномәдени мәні.....	320
Тауман А.Н. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы сүмбілер (штық).....	328
Боранбай М.А. К вопросу об имплементации зарубежного опыта интегрированных моделей туристско-экскурсионной деятельности в Республике Казахстан.....	331
Қосжанова А.М. Есік қаласы тарихи-мәдени туризм нысаны ретінде.....	335
Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М. Естественно-научные методы в экспертизе предметов декоративно-прикладного искусства (из опыта преподавания).....	340
Әбдіразак Т.Т. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мәдени ландшафт нысаны ретінде.....	346
Арынов Ж.М. Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселелері.....	351
Каржаубаева А.О. Алматы қаласының мемориалдық музейлері: музейлendіру үдерісінің ерекшеліктері.....	358

АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР

Құрманиязов Ы.С. Т. Мәмиевтің ғылыми-педагогикалық қызметі.....	364
Қалшабаев А. Т.Н. Сенигованың өмірбаяны мен ғылыми және қоғамдық қызметі.....	368